



Газет  
2007 жылғы  
22 қарашадан  
шығады

# ЕЛ ТІЛЕГІ

gazeta\_eltilegi@mail.ru

№25 (985) Сәрсенбі 1 шілде 2026 жыл

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗ АҚПАРАТТЫҚ, ТАНЫМДЫҚ, ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТИ

<http://www.qsip.kz/>

<http://www.instagram.com/eltilegigazeti>

<http://www.facebook.com/eltilegigazeti>

## Теңге Қазақстанның ұлттық валютасы ретінде конституциялық мәртебеге ие болды



Қазақстанда бүгіннен бастап республикалық референдумда қабылданған жаңа Конституция күшіне енді. Жаңа Ата заңда теңгенің Қазақстан Республикасының дербес ұлттық валютасы екені және оны айналымға шығару құқығы тек Қазақстан Республикасына тиесілі екені ресми түрде бекітілді.

Теңгенің ұлттық валюта, төлем және жинақтау құралы ретіндегі құқықтық мәртебесі Қазақстанның валюта саласындағы дербестігін айқындайды. Бұл ұлттық валютаны эмиссиялау құқығының тек мемлекетке тиесілі екеніне кепілдік беріп, елдің экономикалық тәуелсіздігін қамтамасыз етудегі теңгенің айрықша ролін көрсетеді.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі бұл шешімнің стратегиялық әрі институционалдық маңызы зор екенін атап өтеді.

Ұлттық валютаның конституциялық мәртебе алуы ұзақмерзімді ақша-кредит саясатын жүргізудің құқықтық негізін күшейтеді. Мемлекеттің ұлттық валютаны шығару құқығын Конституцияда бекіту қаржылық тұрақтылыққа оң ықпал етіп, азаматтардың, бизнестің және халықаралық серіктестердің ұлттық ақша жүйесіне деген сенімін арттыруға ықпал етеді. Бұл құқықтық өзгерістер елдің орнықты экономикалық дамуы мен макроэкономикалық тұрақтылығына берік негіз қалайды.

Жаңа конституциялық нормаларды басшылыққа ала отырып, Ұлттық Банк инфляцияны тежеуге, баға тұрақтылығын қамтамасыз етуге және Қазақстанның қаржы жүйесінің орнықтылығын арттыруға бағытталған жүйелі саясатын жалғастыра береді.

## «АУЫЛ АМАНАТЫ» БАҒДАРЛАМАСЫ СӘТІМЕН ЖҮЗЕГЕ АСУДА

Облыс әкімі Мұрат Ерғешбаев Сырдария ауданына жұмыс сапары барысында Бесарық ауылындағы №12 аудандық балалар-жасөспірімдер спорт мектебінің жұмысымен танысты. Спорт кешенінде дзюдо, бокс және таэквондо үйірмелері жұмыс істейді. Қазір мұнда 180 адам спортпен тұрақты шұғылданады. Мекемеде 18 қызметкер еңбек етеді.

Одан кейін аймақ басшысы ауылдың орталық алаңында тұрғындармен кездесіп, шағын өндірістік орталық пен ауылдық мәдениет үйінің жұмысын көрді. Жұртшылықтың ұсыныс-пікірлерін тыңдап, Бесарық ауылынан одан әрі дамытуда атқарылатын жұмыстар мен алдағы жоспарларға тоқталды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлының бастамасымен ауыл тұрғындарының тұрмыс сапасы мен әл-ауқатын арттыруға бағытталған «Ауыл аманаты» бағдарламасы Бесарық ауылында сәтпен жүзеге асуда.

Мұнда «Абай-Дәулет» серіктестігінің демеушілігімен фри картобын өндіретін зауыт жұмыс істейді. Сонымен қатар наубайхана, кондитерлік және жартылай дайын өнімдер цехтары, жұмыс қолғаптарын, пластик ыдыстарды, сабын мен ағаш бұйымдарын өндіретін кәсіпорындар іске қосылған. «Қызылорда» супермаркеті мен дәмхана тұрғындарға сапалы қызмет көрсетіп келеді.

Еске салсақ, 2024 жылы ауылда жалпы аумағы 1 мың шаршы метр болатын шағын өндірістік орталық пайдалануға беріліп, 13 кәсіпкерге өз кәсібін бастауға мүмкіндік жасалды. Оның 4-еуі «Ауыл аманаты» бағдарламасы арқылы, 5 жоба «Өңірлік инвестициялық орталықтың» қолдауымен, ал 4 жоба шаруашылықтың өз қаражаты есебінен жүзеге асты. Нәтижесінде 25 жаңа жұмыс орны ашылып, жобаларға 960 млн теңге инвестиция тартылды. Бүгінде кәсіпкерлер шағын өндірістік орталықта өз өнімдерін шығаруда.

Айта кету керек, «Абай-Дәулет» серіктестігі 2018 жылдан бері ауылдың әлеуметтік-экономикалық дамуына 1,5 млрд теңгеден астам қаражат бағыттады. Бұл қаржы 360 орындық мектеп, 120 орындық балабақша, дәрігерлік амбулатория, мәдениет үйі секілді әлеуметтік нысандарды салуға, жөндеуге, абаттандыруға және көгалдандыру жұмыстарына жұмсалды.



## «ЕЛ ТІЛЕГІ» ГАЗЕТИ

еліміздің барлық өңірлеріне тарайды. Бүгінде өзінің оқырмандары асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымдарға 2026 жылдың II жартыжылдығына жазылу науқаны жүріп жатыр.

«Ел тілегі» газетіне жеке жазылушылар үшін индекс 65007

6 айға – 4502 теңге 22 тиын

БАСЫЛЫМДЫ АСЫҒА КҮТЕТІН ОҚЫРМАНДАРЫМЫЗБЕН ӘРДАЙЫМ БІРГЕМІЗ!

- Мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз, бизнесте мол табысқа қол жеткізіңіз келсе, әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз «Ел тілегі» газетіне жарнама беріңіз!
- Сонымен бірге құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса, құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, Бізге хабарласыңыз!

Қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:  
8 705 982 76 61,  
8 777 752 54 63.

## КӨРМЕ-БАЙҚАУЫ ӨТТІ

«Құзыреттілік орталығында» облыс әкімі Мұрат Ерғешбаевтың, мәслихат депутаттары, жергілікті бизнес өкілдері, даму және қаржы институттары басшыларының қатысуымен «Қазақстанның үздік тауары – 2026» өңірлік көрме-байқауы өтті.



Аймақ кәсіпкерлері мен тауарөндірушілері жыл сайынғы «Алтын сапа» сыйлығы мен «Қазақстанның үздік тауары» дәстүрлі республикалық көрме-байқауына белсенді қатысып келеді. Бұл – отандық тауарөндірушілерді қолдауға, өнім сапасын арттыруға және ұлттық брендтерді дамытуға бағытталған маңызды шара.

Аймақ басшысы бәсекеге қабілетті өнім шығарып, сапалы қызмет көрсету еліміздің өркендеуіне нақты іспен үлес қосу екенін атап өтті. – Бұл міндетті жүзеге асыруда кәсіпкерлер қауымының еңбегі мен жауапкершілігі ерекше. Көрмені аралау барысында сапалы өнімдерді өзімізге шығаруға болатынын көрдік.

Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы: «Қазақстанда жасалған» деген таңба ең мықты сапаның, ең жақсы өнімнің белгісіне айналуда тиіс. «Алтын сапа» байқауының басты мақсаты – осы» деп атап өткен болатын.

Облыс экономикасын әртарапандыруда жоғары сапалы, экспортқа бағытталған өңдеу өнеркәсібі қарқын алды. Алдағы 3 жылда 48 инвестициялық жобаны жүзеге асырып, 10 мыңнан астам жаңа жұмыс орнын құру көзделген. Бүгінгі көрме алаңы кәсіпкерлер арасындағы өзара ынтымақтастықты күшейтіп, жергілікті өнімдерді тұтыну мен өткізуді арттыруға мүмкіндік береді», – деді Мұрат

Нәлқожаұлы.

Жақында «Марал Нұр» серіктестігінің жоғары технологиялық вагондарды жөндеу және техникалық қызмет көрсету кешені ашылды. Бұл компания теміржол инфрақұрылымын дамытудағы сапалы жұмысы үшін өткен жылы «Алтын сапа» сыйлығының лауреаты атанды.

Өткен айда испандық «Рока Групп» компаниясының санитарлық-техникалық бұйымдар, «Севен Риверс» компаниясының шыны ыдыстар шығаратын зауыттарының капсуласы салынды. Алдағы уақытта жаңа өндірістердің жоғары сапалы өнімі облыс экономикасын өркендетуге септігін тигізеді.

Биылғы көрме-байқауға экономиканың түрлі салаларынан 62 тауарөндіруші қатысты. Сарапшылардың бағалау қорытындысы бойынша «Өндірістік мақсаттағы үздік тауарлар», «Үздік азық-түлік тауарлары» және «Халыққа арналған үздік тауарлар» номинациялары бойынша 9 жеңімпаз марапатталды.

Қазір Қызылорда облысында 60 мыңға жуық шағын және орта кәсіпкерлік субъектісі жұмыс істейді. Бұл секторда 113 мыңнан астам адам еңбекпен қамтылған. Биыл кәсіпкерлікті қолдауға шамамен 25 млрд теңге бөлініп, 553 жоба қаржыландырылды.

## ДЕМАЛЫС ОРИНДАРЫ ЖІТІ БАҚЫЛАУДА

Шаһар басшысының тапсырмасына сәйкес, қала аумағындағы жағажайлар мен демалыс орындарында азаматтардың, оның ішінде балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және көрсетілетін қызметтердің сапасын зерделеу мақсатында арнайы жұмысшы тобы құрылды.

Қала әкімінің орынбасары Еркін Турабаев бастаған жұмысшы топ бірқатар нысандарда болып, тиісті талаптардың сақталуын және қауіпсіздік шараларын тексерді.

Аралуау барысында «Далапарк», «Кариби», «Керуен» демалыс орындарында бірқатар кемшіліктер анықталды. Атап айтқанда, медициналық пункттердің, дәрігердің қарастырылмауы, рұқсат құжаттарының толық рәсімделмеуі, сондай-ақ мамандандырылған құтқарушы-нұсқаушылардың болмауы және заңсыз алкоголь өнімдерін сату фактілері тіркелді.

Демалыс орындарының басшыларына кемшіліктерді жоюға бір апта мерзім берілді. Осы уақыт ішінде талаптар ескерілмесе, тиісті шешімдер қабылданатынын белгіледі.

Қала аумағында рұқсат етілген 19 демалыс орны мен қалалық жағажай тұрғындарға қызмет көрсетуде. Жаз маусымында тұрғындардың жайлы әрі қауіпсіз демалысын ұйымдастыру, қызмет көрсету мәдениетін арттыру бағытындағы шаралар жүйелі түрде жалғасады.

Қызылорда қаласы әкімдігінің 2026 жылғы 30 маусымдағы №1465 қаулысы

## Жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 84-бабына, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 63-бабына сәйкес, сондай-ақ «Қызылорда қаласының Тасбөгет кенті әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2026 жылғы 12 маусымдағы № 03-01/477 хатын қарап, Қызылорда қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Меншік иесі Байниязова Гульжайна Шаденовнанын жеке меншік құқығындағы Қызылорда қаласы, Тасбөгет кенті, Сабалак өңірі, Алтынай бау-бақша серіктестігі, № 187 жер телімі мекенжайында орналасқан көлемі 800,0 (сегіз жүз) шаршы метр бағбандық үшін (кадастрлық нөмірі 10-156-087-1346) жер учаскесінен қажетті көлемі 150,0 (жүз елу) шаршы метр бөлігі автокөлік жолымен қабаттасуына байланысты мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.

2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2026 жылғы 7 қазан болып белгіленсін.

3. Меншік иесі жүгінетін орын Қызылорда қаласы, Ыбырай Жахаев көшесі, № 24, № 14 кабинет болып белгіленсін.

4. Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының қоғамдық даму бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі осы қаулы қабылданған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде бұқаралық ақпарат құралдарына жарияласын.

5. Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі жер учаскелерінің меншік иелерін ескертсін, сонымен қатар Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған басқа да қажетті шаралар қолданысын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қызылорда қаласы әкімінің орынбасарына жүктелсін.

7. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда қаласының әкімі

Н. Ахатов

Постановление акимата города Кызылорда №1465 от 30 июня 2026 года

## О начале принудительного отчуждения земельного участка или иного недвижимого имущества в связи с изъятием земельного участка для государственных нужд

В соответствии со статьей 84 Земельного кодекса Республики Казахстан, со статьей 63 Закона Республики Казахстан «О государственном имуществе», а также рассмотрев письмо коммунального государственного учреждения «Аппарат акима поселка Тасбуғет

города Кызылорды» № 03-01/477 от 12 июня 2026 года, акимат города Кызылорда **ПОСТАНОВЛЯЕТ:**

1. Начать принудительное отчуждение земельного участка для государственных нужд в связи с наложением с автомобильной дорогой собственника Байниязовой Гульжайны Шаденовнына праве частной собственности, расположенный по адресу: поселок Тасбөгет, урочище Сабалак, садоводческое товарищество Алтынай, участок № 187 (кадастровый номер 10-156-087-1346), необходимой площадью 150,0 (сто пятьдесят) квадратных метров с общей площадью 800,0 (восемьсот) квадратных метров для садоводства.

2. Датой принудительного отчуждения определить 7 октября 2026 года.

3. Местом обращения собственника земельного участка определить: город Кызылорда, улица Ибрая Жахаева, № 24, кабинет № 14.

4. Коммунальному государственному учреждению «Кызылординский городской отдел общественного развития» акимата города Кызылорда в течении трех рабочих дней со дня принятия данного постановления опубликовать в средствах массовой информации.

5. Коммунальному государственному учреждению «Кызылординский городской отдел сельского хозяйства и земельных отношений» акимата города Кызылорда уведомить собственников земельных участков, а также принять иные необходимые меры, предусмотренные законодательством Республики Казахстан.

6. Контроль за исполнением настоящего постановления возложить на курирующего заместителя акима города Кызылорда.

7. Настоящее постановление вводится в действие со дня подписания.

Аким города Кызылорда

Н. Ахатов

Қызылорда қаласы әкімдігінің 2026 жылғы 30 маусымдағы №1466 қаулысы

## Жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 84-бабына, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 63-бабына және «Қызылорда облысы Қызылорда қаласының бас жоспары туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 17 шілдедегі № 1087 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 6 маусымдағы № 374 қаулысына сәйкес, сондай-ақ «Қызылорда қаласының Тасбөгет кенті әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2026 жылғы 12 маусымдағы № 03-01/476 хатын қарап, Қызылорда қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Меншік иелері Жалашев Куттығали Бақиткалиевичтің және Жалашева Камар Ибрагимовнанын ортақ бірлескен меншік құқығындағы Қызылорда қаласы, Тасбөгет кенті, Сабалак өңірі, Алтынай бау-бақша серіктестігі, № 203 құрылыс мекенжайында орналасқан көлемі 800,0 (сегіз жүз) шаршы метр бағбандық үшін (кадастрлық нөмірі 10-156-087-1493) жер учаскесін жол құрылысы үшін мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.

2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2026 жылғы 7 қазан болып белгіленсін.

3. Меншік иелері жүгінетін орын Қызылорда қаласы, Ыбырай Жахаев көшесі, № 24, № 14 кабинет болып белгіленсін.

4. Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының қоғамдық даму бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі осы қаулы қабылданған

күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде бұқаралық ақпарат құралдарына жарияласын.

5. Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі жер учаскелерінің меншік иелерін ескертсін, сонымен қатар Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған басқа да қажетті шаралар қолданысын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қызылорда қаласы әкімінің орынбасарына жүктелсін.

7. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда қаласының әкімі

Н. Ахатов

Постановление акимата города Кызылорда №1466 от 30 июня 2026 года

## О начале принудительного отчуждения земельного участка или иного недвижимого имущества в связи с изъятием земельного участка для государственных нужд

В соответствии со статьей 84 Земельного кодекса Республики Казахстан, со статьей 63 Закона Республики Казахстан «О государственном имуществе» и Постановлением Правительства Республики Казахстан от 6 июня 2019 года № 374 «О внесении изменений в постановление Правительства Республики Казахстан от 17 июля 2009 года № 1087 «О генеральном плане города Кызылорда Кызылординской области», а также рассмотрев письмо коммунального государственного учреждения «Аппарат акима поселка Тасбуғет города Кызылорды» № 03-01/476 от 12 июня 2026 года, акимат города Кызылорда **ПОСТАНОВЛЯЕТ:**

1. Начать принудительное отчуждение земельного участка для государственных нужд в связи с изъятием для строительства дороги у собственников Жалашева Куттығали Бақиткалиевича и Жалашевой Камар Ибрагимовны на праве общей совместной собственности, расположенный по адресу: город Кызылорда, поселок Тасбөгет, урочище Сабалак, садоводческое товарищество Алтынай, строение № 203, площадью 800,0 (восемьсот) квадратных метров (кадастровый номер 10-156-087-1493) для садоводства.

2. Датой принудительного отчуждения определить 7 октября 2026 года.

3. Местом обращения собственников земельного участка определить: город Кызылорда, улица Ибрая Жахаева, № 24, кабинет № 14.

4. Коммунальному государственному учреждению «Кызылординский городской отдел общественного развития» акимата города Кызылорда в течении трех рабочих дней со дня принятия данного постановления опубликовать в средствах массовой информации.

5. Коммунальному государственному учреждению «Кызылординский городской отдел сельского хозяйства и земельных отношений» акимата города Кызылорда уведомить собственников земельных участков, а также принять иные необходимые меры, предусмотренные законодательством Республики Казахстан.

6. Контроль за исполнением настоящего постановления возложить на курирующего заместителя акима города Кызылорда.

7. Настоящее постановление вводится в действие со дня подписания.

Аким города Кызылорда

Н. Ахатов

## КЕНТ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ ҰСЫНЫСТАРЫ ТЫҢДАЛДЫ

Жалағаш ауданының әкімі Ардак Ибраһимов І-жартыжылдықта атқарылған жұмыстар мен алдағы міндеттер жөнінде Жалағаш кенті тұрғындары алдында есеп берді.

Кездесуде Жалағаш ауданының әкімі Мемлекет басшысының, Үкіметтің және облыс әкімінің тапсырмасымен жүзеге асқан жұмыстарға тоқталып, аудан көлемінде атқарылып жатқан негізгі жұмыстарды баяндады. Сонымен бірге, алдағы жоспарланған жобалар таныстырылып, тұрғындардың ұсыныс-пікірлері тыңдалды.

Кенттің орталық алаңын реконструкциялау мақсатында құны 315,2 млн теңгелік жобалық-сметалық құжаттама әзірленіп, қазіргі таңда қаржыландыру сатысында тұр. Сонымен қатар, орталық алаңдағы су бұрқак қалпына келтірілді. Кентшілік 14 көшеге күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіліп, толық аяқталды. Сондай-ақ, мектеп аулаларынан спорттық ойын алаңдары салынды. Алдағы уақытта бұл жұмыстар кезең-кезеңімен жалғасатын болады.

«Ақтерек» тұрғын ауданындағы жер учаскелерінің инфрақұрылымын дамыту жұмыстары қолға алынды. Кенттің электр бағаналары мен электр желілерін жанару жұмыстары жүргізілуде.

Биыл апатты деп танылған көпқабатты тұрғын үй иелеріне жаңа баспаналардың құрылысы басталып, тұрғындар игіліне табысталаын болады. Кентте тұрмыстық қатты қалдықтарды өңдейтін полигон мен арнайы цех ашу бағытындағы жұмыстар да бақылауда тұр, биыл толық іске қосылады деп күтілуде.

Кент келбетін жақсарту және қолайлы өмір сүру ортасын қалыптастыру мақсатында көгалдандыру және абаттандыру жұмыстары тұрақты түрде жүргізілуде. Кездесуде кент тұрғындары тарапынан айтылған ұсыныс-пікірлер бойынша жауапты сала басшыларына нақты тапсырмалар жүктелді.

## АКТИВ ОТЫРЫСЫ ӨТТІ

Сырдария ауданының әкімі Берік Сәрменбаевтың төрағалығымен актив отырысы өтті. Актив жынында аудан басшысы кадрлық өзгерістерді таныстырды. Облыстық дене шынықтыру және спорт басқарма басшысының бұйрығымен №11 аудандық олимпиадалық резервтің балалар-жасөспірімдер спорт мектебінің директоры лауазымына Мұбаракөв Диас Ғаниұлы тағайындалды.

Диас Ғаниұлы 2000 жылы Сырдария ауданында дүниеге келген. 2021 жылы «Болашақ» университетінде «Мемлекеттік және жергілікті басқару» мамандығы бойынша және 2025 жылы «Ақмешіт» университетінде «Дене шынықтыру және спорт» мамандығын бойынша жоғары білім алған.

Еңбек жолын 2023 жылы Сырдария ауданы әкімдігінде әдіскер болып бастаған. Әр жылдары аудандық олимпиадалық резервтік мамандандырылған балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінде еркін күрес жаттықтырушысы және Нағи Лиясов ауылдық спорт кешенінің меңгерушісі қызметтерін атқарды.

Аудан басшысы жанадан тағайындалған директоры құттықтап, жауапты қызметіне сәттілік тіледі. Сондай-ақ, жас спортшылардың кәсіби шеберлігін арттыру, бұқаралық спортты дамыту және спорт мектебінің жұмысын жаңа деңгейге көтеру бағытында нәтижелі еңбек ететініне сенім білдірді.

## КЕЗДЕСУ ӨТКІЗІЛДІ

«Ішімдіксіз ауыл» жедел-профилактикалық іс-шарасы аясында Қызылорда қаласы Полиция басқармасының Қоғамдық қауіпсіздік бөлімінің Отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күрес бөлімшесінің инспекторы А.Байтұрсынов атындағы №211 орта мектеп қызметкерлерімен кездесу өткізілді.

Кездесудің негізгі мақсаты – отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылықтың, нашакорлықтың және басқа да зиянды әдеттердің алдын алу, қоғамда құқықтық мәдениетті қалыптастыру және салауатты өмір салтын насихаттау.

Іс-шара барысында отбасылық құндылықтарды сақтау мен нығайтудың маңыздылығы, зорлық-зомбылықтың қоғамға және жеке тұлғаға тигізетін кері әсерлері кеңінен түсіндірілді. Сонымен қатар, зиянды әдеттердің

денсаулыққа, отбасы берекесіне және қоғам қауіпсіздігіне әсері жөнінде жан-жақты ақпарат берілді.

Кездесу соңында қатысушылар өздерін толғандырған сұрақтарын қойып, полиция қызметкерінен нақты жауаптар алды. Мұндай профилактикалық шаралар қоғамда қауіпсіз орта қалыптастыруға және құқық бұзушылықтардың алдын алуға бағытталған жұмыстардың маңызды бөлігі болып табылады.

## Сыбайлас жемқорлық

«Сыбайлас жемқорлық» түсінігі (латынша соpтуpтіo) — ақшаға сатып алу және саяси қайраткерлерді, мемлекеттік шенеуніктерді, лауазымдық тұлғаларды сатып алу дегенді білдіреді.

Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес, сыбайлас жемқорлық қылмыстарға негізінен лауазымды қылмыстар жатады. Өмір көрсеткендей, қызмет өкілеттігін теріс пайдалану, билікті не қызметтік өкілеттікті асыра пайдалану, пара алу, пара беру, паракорлыққа делдал болу, қызметтік жалғандық жасау, жалған сөз жеткізу, сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иеленіп алу немесе ысырап ету, жалған жауап беру, сарапшының жалған қорытындысы немесе қате аудару, жалған жауап беруге немесе жауап беруден жалтаруға, жалған қорытынды беруге не қате аударуға сатып алу, лауазымды адамдардың сот үкімін, сот шешімін немесе өзге де сот актісін орындамау, осындай қылмыстардың барлығы жемқорлық сыбайластық байланыстарды пайдалану арқылы жасалады.

Сыбайлас жемқорлықпен пәрменді күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жоятын, құқықты түсіндіру жұмысының денгейі мен сапасын арттыру керектігін маңызды зор. Халықөздерінің құқықтарын, өздеріне қарсы қандай да бір құқыққа қайшы іс-әрекет жасалған жағдайда қандай іс-қимыл қолдану керектігін нақты жолдарын толық білулері қажет.

Сыбайлас жемқорлықпен күрес уақыт өткен сайын күшеюде. Бүгінгі таңда, аталған қоғамдық індеттің алдын

алу, жемқорлыққа қарсы мәдениет қалыптастыру қажеттілігі айрықша күн тәртібіне шығып отыр. Себебі, жемқорлық фактілері қарапайым жағдай емес, ол елдің әлеуметтік-экономикалық әлеуетін әлсірететін, қоғамды әділетсіздікке ұшырататын аса қауіпті індет. Сондықтан, паракорлықпен күрестің жылдар бойы жалғасуы заңды құбылыс.

Ел мақсаты мемлекеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының тиімділігін арттыру, сыбайлас жемқорлықтың кез келген көрінісіне «мүлдем төзбеушілік» ахуалын қалыптастыру арқылы сыбайлас жемқорлыққа қарсы қозғалыса бүкіл қоғамды тарту болып табылады.

Қоғамның мемлекеттік билік институттарына сенімін арттыру, халықтың құқықтық мәдениетінің денгейін көтеру де аталған құжаттың басты міндетіне жатқызылған. Әрине, сыбайлас жемқорлықпен күрес жолында оның алдын алу жұмыстарына көбірек мән берген жөн. Ол үшін жемқорлық көріністерінің белен алуына түрткі болатын факторларды анықтап, мейлінше аурудың алдын алғана бзәл.

Сондықтан сыбайлас жемқорлықпен күресу барлық Қазақстан Республикасы азаматтарының азаматтық борышы деп білу керек.

**Қ.ОМАРОВА,**  
Сырдария аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы



**ЗАҢ МЕН ТӘРТІП**  
Қауіпсіз Қазақстан үшін!

## БАЛАЛАРДЫҢ ЕҢБЕК ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ – БАСТЫ НАЗАРДА

Қызылорда қаласы аумағында оқушылар мен студенттердің, оның ішінде кәмелетке толмағандардың маусымдық жұмыспен қамтылуы кезінде еңбек заңнамасының сақталуын қамтамасыз ету мақсатында қоғамдық тамақтану орындарында, көлік жуу орталықтарында және жанар-жағармай құю бекеттерінде арнайы жұмыс тобының қатысуымен түсіндіру-профилактикалық жұмыстар жүргізілуде.

Іс-шара барысында жұмыс берушілерге Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасының талаптары түсіндіріліп, жасөспірімдерді жұмысқа қабылдау тәртібі, еңбек қауіпсіздігі және еңбек шарттарын рәсімдеу мәселелері бойынша ақпарат берілді.

Шараның негізгі мақсаты – балалар еңбегін заңсыз пайдаланудың алдын алу, кәмелетке толмағандардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау, сондай-ақ қауіпсіз және қолайлы еңбек жағдайларын қамтамасыз ету.

Құқықтық түсіндіру жұмыстары алдағы уақытта да тұрақты түрде жалғасатын болады. Балалардың қауіпсіздігі мен құқықтарының сақталуы – баршамыздың ортақ міндетіміз.

## СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕС МӘДЕНИЕТТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ



Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияның негізгі басымдықтарының бірі – сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет деңгейін қалыптастыру болып табылады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет – бұл адамның саналы және адамгершіліктен сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұру қабілетін айтады.

Яғни, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет дегеніміз ол жемқорлыққа қарсы белсенді азаматтық позиция. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет тұлғаларда құқықтық шеңберде іс-әрекет етуі үшін белгілі бір біліктіліктердің болуын талап етеді, олар: жемқорлықты әлеуметтік зұлым ретінде тани білуі, сыбайлас жемқорлықпен күрес негіздерін және оның қоғам өмірінің кез-келген саласында деңгейін төмендету үшін барлық мүмкіндіктерді пайдалана білуі.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет – бұл

жаппай сана және оның жекелеген элементтері емес. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет – адамгершілік пен азғындық (орынды және орынсыз, мейірімділік пен зұлымдық, пайдалы және пайдасыз), құқықтық және құқықтық емес, ақылды және ақымақтық, тамаша және бейберекет призмасы арқылы адами қатынастар әлеміне көзқарас.

Сыбайлас жемқорлықсыз қоғамды құруда отбасынан алынатын тәрбиенің маңызы зор. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті насихаттау қоғамның түрлі салаларын қамтиды, оның ішінде, әсіресе, білім беру мекемелеріне жүктелетін жауапкершілік аса жоғары. Еліміздің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бағдарламасында: «Отбасы және білім беру саласы бұл үдеріске мүдделілік таныта отырып қатысуы керек. Бұл жұмысты мектепке дейінгі бала тәрбиесінен бастаған абзал», делінген.

Еліміздің әрбір азаматы қандай да бір заңнаманы сөйкесінше қолдана білсе, мемлекеттік қызметкердің өз лауазымын заңсыз қолдануына жол бермесе, яғни заңды құқықтары мен мүдделерін қорғау үшін тиімді қолдана еліміз тергетін арылып, әлемдегі дамыған елдер қатарынан орын алуына үлкен үлес қосылар еді. Мұның бәрі елімізде құқықтық мемлекеттің іс жүзінде орнауына, заңның үстемдігіне, әр адамның қауіпсіз өмір сүруіне, қоғамдық тәртіптің нығаюына, әлеуметтік ахуалдың жақсаруына, ең бастысы ұлттың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және тұрақты дамуға жеткізеді. Сондай-ақ, сыбайлас жемқорлықпен пәрменді күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жоюға, құқықты түсіндіру жұмысының деңгейі мен сапасын арттыру керектігін маңызы зор.

Сәйділа Ермек УАЙДІЛДАУЛЫ,  
Бұқарбай батыр ауылдық округі әкімі

## Ақжар ауылдық округі әкімі аппаратында жеке және заңды тұлғалардың өкілдерін қабылдауды ұйымдастыру туралы

«Қазақстан Республикасының 2022 жылғы 29 маусымдағы №350-VI Әкімшілік Рәсімдік – Процестік кодексіне және «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы №148 Заңына сәйкес:

1. Ақжар ауылдық округі әкімінің 2026 жылдың III - тоқсандағы жеке және заңды тұлғалардың өкілдерін қабылдауды ұйымдастыру кестесі қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Осы өкім қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Ақжар ауылдық округінің әкімі

Н.Тұрсынбаева

Ақжар ауылдық округі әкімінің  
2026 жылғы « 24 » маусым  
№ 25\_ө/нқ\_өкіміне 1 қосымша

## Ақжар ауылдық округі әкімінің 2026 жылдың III- тоқсандағы азаматтарды жеке мәселелерімен қабылдау КЕСТЕСІ

Орталық атқарушы органның атауы	Азаматтарды қабылдауды жүргізген адамның ТӘЖ	Азаматтарды қабылдауды жүргізген адамның ТӘЖ, лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органдардың орналасқан жері	Байланыс телефоны
«Ақжар ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Тұрсынбаева Нұржамал Бектайқызы	Ауыл әкімі	сәрсенбі күні сағат: 15.00-18.00	Ақжар ауылы, Ораз-ахун көшесі, 14 үй	2-70-01
